

Ревматоид артриті



Ревматоид артриті(РА)-
этиологиясы белгісіз,
үдемелі және созылмалы
ағыммен жүретін
перифериялық буындардың
эрозиялы қабынулық-
дегенеративтік
бұзылыстары басым
дәнекер тінінің жүйелі
ауруы. Балалар мен
жасөспірімдерге қолайлы
термин “ювенилді
ревматоид артриті”(ЮРА),
латынша *juvinalis* – жас.

Ревматические болезни – путь в никуда!!!






Этиологиясы:

РА – тің даму себебі толық анықталмаған: белгілі орын инфекцияға бөлінеді (бактериалдық, олардың L – формалары, вирустар, микоплазма). Инфекциялық теория дәлеліне кеселдің кейде ЖРВИ-дан соң дамуы жатады. Эпштейн-Барр вирусының, Коксаки вирустарының үлесі назар аударуда.




Патогенезі:


Зерттеушілердің көбі РА-ті иммундық дерттер қатарына жатқызады және оның дамуына бала жасының, жынысының, тұқымқуалау бейімділігінің орны бар деп санайды.



**Кеселдің негізгі
белгісі- артрит,
ал басталуында-
синовит, ауру
үдеген кезде
панус деп
аталатын ісік
тәрізді өсіңкі зат
пайда болады.**



Басында ауру мен ісіну бір буыннан, әдетте тізеден басталып, кейін, 1-3 ай ішінде екінші симметриялы қарсы буынды қамтиды.





Буындар бұзылысының симметриялығы — аурудың басты белгілерінің бірі.

ЮРА-ның буындық формасы



Ауруға шалдыққан буындар саны 4-тен асса – полиартрит, 2-3 буынмен шектелсе – олигоартрит, бір буын ғана ауырса – моноартрит.



Play to Heal Child & Family Counseling Center

*Deb Langenau, LCSW, MPS
27 College View Avenue
Poughkeepsie, NY 12603*

845

Stages of Rheumatoid Arthritis

Early RA

Intermediate RA

Late RA



ЮРА-ның буындық-висцералдық формасы



Стилл синдромы -жедел басталып, жоғарғы қызыну, кейде теріде аллергиялық бөртпелер көрінуі, лимфа түйіндері, бауыр, көкбауыр ұлғаюымен ерекшеленеді.

Аллергосептикалық синдромы -ағымы ауыр. Жедел басталып, жоғарғы қызыну қалтырау, қызу түскен кезде акпа тер байқалады. Қызыну, әдетте, тұрақты 2-3 аптадан, айға созылуы мүмкін.





Көз бұзылысымен жүретін формасы

ЮРА варианттарының ішінде ерекше орында.
буын өзгерістері кеселдің бұл формасында
көбінесе – моно, олигоартритпен шектеледі.
Диагнозы мен емі кешіксе, көз көруі нашарлауы
не соқырлық дамуы мүмкін.



ЮРА-ның диагноздық шарттары:


Клиникалық белгілері:

- Ұзақтығы 3 ай не одан ұзақ артрит;
- Екінші буынның артриті, алғашқысынан кейін 3 айға дейін не одан кеш білінуі;
- Кіші буындарының симметриялы бұзылысы;
- Контрактура;
- Тендосиновит не бурсит;
- Бұлшықет атрофиясы;
- Таңертенгі (дененің) құрысуы;
- Ревматоидты көз бұзылысы;
- Ревматоидты түйіншіктер;
- Буын ішіне сұйық жиналуы;



Рентгендік белгілер:

- Остеопороз, эпифиздің құрылымының кіші кистозды өзгерісі;
- Сүйекаралықтардың тарылуы;
- Сүйектер өсуінің бұзылысы;
- Омыртқалар бағанының мойын бөлігінің бұзылысы;



Лабораториялық белгілері:

- Ревматоидтық фактор анықталуы (оң);
- Синовий қабаты биопсиясының оң жауабы;

